

С.Сатыбалдин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп



«Рахмет саған Әліппе!»

Өткізген: Бастауыш сынып мұғалімі
Шакенова Ш.К.

2023-2024 оқу жылы

Әліппемен қоштасу ертеңілігі. «Рахмет саған Әліппе!»

Мақсаты:

Оқу тілін дамытып, сөздік қорын молайту. Оқушылардың әліппеден алған білімдерін тиянақтау.

Әр оқушының іс - әрекеттері арқылы икемділігін, қабілеттерін көрсету, шығармашылық мүмкіндіктерін ашу;

Оқушылардың елін, Отанын сүйуге, оны қорғай білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақ әліпбиі, суреттер, нақыл сөздер, «Әліппе», «Ана тілі», оқулықтарының мұқабасы, «Жалқаубек» сандарда буындап жазылған мақал мәтелдер, интербелсенді тақта, шарлар.

Жүргізуші мұғалім: Құрметті ата-аналар, ұстаздар және оқушылар! Бүгінгі «Рахмет саған Әліппе!» атты мерекемізге қош келдіңіздер! Осыдан 4 ай бұрын мектеп табалдырығын қысылы да қызыға аттаған бірі отбасының тұңғышы, бірі отбасының кенжесі, ата-әжесінің сүйікті де еркесі болып ең алғашқы оқулығы болған Әліппемен бүгін қоштасқалы отыр.

Ендеше кішентай бүлдіршіндеріміздің білім өлкесіне қарай басқан алғашқы қадамдары құтты болсын! Сонымен «Рахмет саған Әліппе!» атты ертеңгілігіміздің кейіпкерлерін қол соғып, қошеметеп қарсы алайық.

(Сахнаға 1 сынып оқушылары келеді)

Асланбек:

Армысыздар жас достар,
Армысыздар ата-ана.
Болашаққа жол бастар,
Асланбек балаң ортада.

Таңшолпан:

Жақсы оқып сабақты,
Білімді боп өсетін,
Мен Таңшолпан боламын,
Болашағы қазақтың.

Ботагөз:

Үлкенге де, кішіге де,
Мейірімді болатын.
Көп оқитын, көп тоқитын,
Мен Ботагөз боламын.

Мұғалім: 1-сынып туралы бейнероликті тамашалаймық

Мұғалім: Іші толған әріпке

Білімдегі жарық не?

Балалар: Ол сүйікті Әліппе!

Мұғалім:

- Олай болса, бәрімізге ең қымбат Әліппені ортаға шақырайық.

Хормен: Әліппе! Әліппе! Әліппе!

Әліппе:

Армысыздар жас достар!

Армысыздар, ата - ана!
Болашаққа жол бастар,
Әліппең келді ортаға.
Жақсы білім көрімдік,
Болсын бізге халайық.
Не үйреніп, не білдік,
Қане, ортаға салайық.

Әліппеге арналған тақпақтар

Ботагөз: Қош бол құтты Әліппем,
Көп нәрсе үйреттің.
Таныстырып әріппен,
Тақылдадып сөйлеттің.

Асланбек:

Әліппемен қош айтысып қаламыз,
Енді қолға басқа кітап аламыз.
Ата-ана қуанышқа ортақ бол,
Сауатты боп шықты міәне балаң.

Таншолпан:

Таныстырып 42 әріппен
Қош бол менің қасиетті әліппем.
Сенің арқаң оқи, жаза білгенім,
Сауатты адам санатына кіргенім.

Барлығы хормен: Бәрімізді сүйіп өткен,
Балаларға үйреткен.

Әліппемен ұстазға
Бас иеміз құрметпен

Хор:«Рахмет ,саған әліппе!» әні

Мұғалім:

Рахмет балалар, Жалқаубек болмай, Білгішбек болыңдар!
(сахнаға кір - қожалақ Жалқаубек келеді)

Жалқаубек:

- Мыналар не жиналған - әй. Менің атымды атаған қайсың?

Мұғалім:

- Сәлеметсің бе Жалқаубек! Сені атаған мен ғой. Бүгін бізде «Әліппемен
қоштасу» мерекесі.

Жалқаубек:

- Әліппемен қош - та - су. Қоштасыңдар, қоштасыңдар! Қой мен кетейін. Чао!
(кетіп бара жатып, бір баланың шарына ұмтылады)

Бала Асланбек:

- Тиіспе, менің шарыма. Мұнда әріп жазылған.

Жалқаубек:

- Әріп дейді. Қайдағы әріп, мынау доңғалақтың суреті, ал мынау есіктің суретін салып қойыпты - ей. Бұлардың бәрін мен Әліппені оқымай - ақ білемін.

Мұғалім: Ол не дегенің Жалқаубек. Бұлар О, П әріптері. Дегенмен балалар Білмесбектің сөзінің жаны бар. Әрбір әріп бір нәрсеге ұқсас.

Кәне, енді мақалдар құрастырып, оқу сауатымызды көрсетейік. Мақалдады дұрыс оқу үшін сандарды өсу ретімен орналастыру керек. Содан соң шыққан сөзді оқимыз. Жалқаубек бірнеше рет ұмтылып, балалармен бірге жауап бергісі келеді де, әріпті білмейтіні есіне түсіп, желкесін қасиды.

Мұғалім: Міне Жалқаубек, көрдің бе? Балалар әріпті қалай жақсы біледі.

Жалқаубек: Онда мен де кітап оқығым келеді.

Мұғалім: Бұның дұрыс болды. Тек алдымен үсті – басыңды тазалап, жөнге сал. «Әліппені» таза, ұқыпты балалар ғана ұстайды.

Жалқаубек: Жарайды.(Мен балалармен би билесем болама?

Балалармен би билеп шығып кетеді)

Мұғалім: Әліппенің балаларға арнаған әні бар екен ән:«Бала тілегі»

Мұғалім: Балалар, әріптерді танып қана қоймай, олардың басын қосып осылайша оқи білулерін ата - ана үшін де, мен үшін де үлкен қуаныш. Бүгін сол не үйрендіңдер, не білетіндеріңді ортаға саламыз, яғни білім шыңына саяхат жасаймыз.

Әліппе: Төрт айы не оқып не үйренгендеріңді ортаға салыңдар.

1. «Қайдан келдің,бауырсақ?» Диолог.

Дастарқанда шашылып,жатты аппақ бауырсақ
Бауырсаққа қызығып,қарап тұрып көзін сап,

Қуыршақ: Қайдан келдің бауырсақ?

Бауырсақ: Дүкеннен келдім нан сатқан.

Қуыршақ: Дүкенге келдің қай жақтан?

Бауырсақ: Наубайдан келдім нан жапқан

Қуыршақ: Наубайға келдің қай жақтан?

Бауырсақ: Диірменнен келдім ұн тартқан.

Қуыршақ: Диірменге келдің қай жақтан?

Бауырсақ: Даладан келдім кең жатқан?

Жер анам, мені көсілген,

Дикандар мені өсірген,

Арғы тегім ақ бидай

Тәттімін жеп көр.

Жесең өзің байқарсың?

Рақметіңді айтарсың

Айырылмас дос болайық,

Адамға достық лайық!

Менің атым-бауырсақ,

Сенің атың- қуыршақ.

Қатысқандар: Бауырсақ –Бөтагөз, Қуыршақ-Таншолпан

Әліппе: Тағы қандай өнерлерің бар?

Қане барлығымыз экранға назар аударайық.

Қане онда,«**Кім жүйрік**»ойынын ойнайық. Мында тұрған ұяшықтарды кезекпен таңдайсыңдар. Әр ұяшықта сұрақтар берілген әр оқушы тез, жылдам, нақты жауап беру керек.

1. Біздің елбасымыз кім? (**Қасым Жомарт Тоқаев**)

2. Еліміз қалай аталады? (**Қазақстан**)

3. Ел ордамыз қалай аталады? (**Астана**)

4. Мемлекеттік рәміздерге нелер жатады? (**Ту, елтаңба, әнұран**)

5. Ең алғашқы қоңырау біз үшін қай күні соғылды? (**1 қыркүйек**)

6. Ең алғаш қолыңа алған кітабың? (**Әліппе**)

7. Қазақ тілінде қанша әріп бар? (**42**)

8. У дыбысы қандай дыбыс? (**Дауысты да, дауыссыз да**)

9. Сөз неден құралады? (**әріптен, дыбыстан,буыннан**)

10. Бос орындарға тиісті сандарды қалай таңдауға болады

$$\square + 6 = 7 \quad 10 - \square = 4$$

$$2 + \square = 8 \quad \square - 6 = 3$$

$$\square + 6 = 9 \quad 8 - \square = 2$$

$$4 + \square = 10 \quad 7 - 6 = \square$$

11. Қазып жүр құмды 5 мысық

3-і жатыр күн ыстық

2-і жүр шомылып

Барлығы қанша санап шық?(**10**)

12. Бір аптада неше күн бар? Ата (**7 күн Дүйсенбі, Сейсенбі, Сәрсенбі, Бейсенбі, Жұма, Сенбі, Жексенбі**)

13. Адамның дене мүшелерін ата.(бас,мойын,қол,кеуде,іш,арқа,аяқ)

14. Табиғатты танып – білу әдістері(көру,иіс сезу,дәм сезу,есту,қолмен ұстау)

Мұғалім :

-Жарайсыңдар, балалар, сиқырлы сандықтың тапсырмасын орындадық.

Кітап - білім бұлағы,

Білім - өмір шырағы

Дегендей білім арқылы биік шыңға шығамыз.

-Балалар, өз тілімізді сүйеге, қадірлеуге үйрететін кітап – «Ана тілін» ортаға шақырайық.

Ендігі сендердің жаңа достарың – Ана тілі оқулығы болады.

Ана тілі:

Сәлеметсіңдер ме, балалар ?

Туған елдің тілімін,

Ақылымен танылам,

Түсіндірер бәріне

Ана тілі пәнімін.

Ана тілің – арың бұл –

Ұятың боп тұр бетте,

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте!

-Балалар, мен сендердің келешекте сауатты азамат болатындарыңа сенемін. Енді бұрынғыдан да көп оқитын боласыңдар. Мен сендерге көп қызықты ертегілер, әңгімелер арнаймын. Тек мені таза ұстап, ынта қойып оқыңдар. Менің бір ерекшелігім – қазақ тілін менімен қатар оқитын боласыңдар.

1 жүргізуші мұғалім:

-Жоғары төрлетіңіз, Ана тілі.

Мұғалім: Балалар, бүгін біздің ортамызда ата-аналарымыз да қуанышымызға ортақтасып отыр. Құрметті ата-аналармен қызықты ойын өткізейік. Ортаға 5 ата-ана шыға қойсын. Манадан бері балалар әріптердің сырын ашуға тырысты.

Ендігі кезек сіздердікі. Алдымен мына жердегі суреттерден өз балаларыңызы көзі арқылы танып алсаңыздар. Дұрыс таптыңыздар ма?

Енді, мен сіздерге Ж, А, Т әріптерін береміз. Мен қойған сұрақтарға тек сіздерге берілген әріптерден басталатын сөздермен жауап бересіздер.

-Балаңызды қалай еркелетесіз?

-Балаңыздың досы кім?

-Балаңыз қандай?

-Балаңыз қандай тамақты жақсы көреді?

-Балаңыз бос уақытында немен айналысады?

Мұғалім: Рахмет құрметті ата аналар!

Сіздердің құрметтеріңізге балалардың орындауында «**Оқып, біліп үйренеміз**» әні қабыл алыңыздар.

Әліппе:

Бүлдіршіндер, сендер мені жақсы игеріпсіңдер. Енді сендермен қоштасатын да уақыт келіп жетті. Көп рақмет, сендерге.

Кір шалмасын беттерің,

Таза болсын оқулық пен дәптерің.

Оқығандарың есте болсын,

Күнделіктерің беске толсын!

«Ана тілі» оқулығын таза ұстап, жақсы оқыңдар. Сау болыңдар!

Барлығы:

«Қош бол сүйікті әліппе»

1 жүргізуші мұғалім:

Ал енді балалар әліппемен қоштастық. Енді қолымызға ана тілін алатын боламыз. Ана тілдің құрметіне хор: «Тілім менің» әні

Ән: «Тілім менің»

1. Тілім менің - Ана тілім,
Жырым менің - Ана тілім.
Көк жүзінде күлімдеген,
Нұрым менің - Ана тілім
Білесіңбе дала тілім,
Білесіңбе дана тілін
Қазақ үшін құдіретті
Әрқашанда Ана тілім.

Қ-сы:

Балдай тәтті бала тілім,
Сөзбен тәтті дана тілім
Қазақ үшін қасиетті,
Жаса мәңгі - Ана тілім.

2. Сен арқылы тілдесемін.

Сол тіліміз гүлдесе мың
Айналайын Ана тілім,
Арта түспек тілге сенім.
Білесіңбе дала тілім
Білесіңбе дана тілін
Қазақ үшін құдіретті
Әрқашанда Ана тілім.

Қ-сы:

Балдай тәтті бала тілім,
Сөзбен тәтті дана тілім
Қазақ үшін қасиетті,
Жаса мәңгі - Ана тілім.

Қ-сы – 2 рет

Мұғалім: Құрметті Шолпан Калеловна, қош келдіңіз,
Өзіңізді мақтан етіп жүреміз біз.

Жақсылыққа жаралған жүрегіңіз,

Сөз береміз құрметтеп өзіңізге

Балаларға арналсын тілегіңіз. (сөз сөйлеп оқушылар мен ата анаға Әліппе оқулығын аяқтағаны үшін дипломмен марапаттау.)

Мұғалім: Сөз кезегі тәрбие ісінің ұйымдастырушысы Жакупбекова Инкар Муратовнаға беріледі.

Мұғалім:

Жақсы шәкірт азамат атанады,

Халқынан, ата анадан бата алады.

Ұрпағына айтсын деп ақ тілегін,

Ортаға шақырайық ата ананы. (сөз сөйлейді)

Мұғалім:

Балалардың білімі құтты болсын,
Денсаулығы ауырмайтын мықты болсын.
Білімдерін әрі қарай дамытатын,
Ерінбейтін еңбекқор күшті болсын!
Осымен «Рахмет саған Әліппе!» ертеңгілігімізді аяқтаймыз!

Мұғалім:

-Құрметті қонақтар, қымбатты балдырғандар! Еліміздің білімді де тәрбиелі,
елін сүйетін, көк туын көкке көтеретін ұл-қыздары боп өсе беріңдер.
Осымен ертеңгілігімізді аяқтаймыз. Келіп тамашалағандарыңызға рахмет.

Ән: «Әліппе»

Алғаш рет қолыма ұстадым,
Әліппені сыйлаған ұстазым.
Білім атты әлемге аштың жол,
Рақмет саған Әліппе! Қош сау бол!

Қайырмасы:

Әліппе, Әліппе арналады бүгін жыр саған!
Әліппе, Әліппе алғысымыз шексіз бір саған!

2. Көмегіңмен өзінің, Әліппе,
Қырық екі таныстым әріппен.
Ең алғашқы білімді алдық мол,
Рақмет саған, Әліппе! Қош сау бол!

Ән: «Оқып, білім үйренеміз»

1. Дәптер, қалам алып, әріптерді танып.
Жұмбақ әлем сырын ашамыз.
Домбыраны қағып, әсем әнге салып,
Әнмен бүгін шашу шашамыз.

Қайырмасы: Оқып біліп үйренеміз,
Жамандықтан жиренеміз,
Талаптанып өнерге біз.
Бейбіт елдің ертеңіміз,
Аппақ арман желкеніміз,
Еркін елдің еркесі біз.

2. Мен өнерпаз бала, дарыным бар дара.
Шамшырағы болам елімнің.
Күш қайратым тасып, өрге қадам басып,
Қызғалдағы болам жерімнің.

3. Бес нәрсеге асық, бес нәрседен қашық,
Адам болу басты арманым.
Самғап бийік ұшам, арманымды құшам,
Бір жұлдызың болып жанғаным.

